

Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның 8D020500–Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық кеңесшінің
ПІКІРІ

Қазіргі жаһандану және мәдени өзара ықпалдасу жағдайында тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени кодтарды сақтау, өзгерту және тарату жүйесі ретінде маңызды рөл атқарады. Тілдік таңбалар мәдениеттің құрылымын қалыптастырып, оның өзгерістерін бейнелейтін басты көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сондықтан тілдің таңбалық сипаты мәдени өзгерістердің даму үдерісін тереңірек түсінуге ықпал етумен қатар, тіл мен мәдениеттің өзара өзектестігін анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі диссертант А.Баядиловааның зерттеу жұмысы да осы тіл ғылымының этнолингвистика бағытынан өрбіп, дамып келе жатқан лингвомәдениеттану саласының өзекті мәселелерінің бірі тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипатын зерттеуге бағытталған. Жұмыс сол жағынан өзекті, әрі маңызды.

Зерттеуші соңғы жылдары жарық көрген тілдік таңба мен мәдениеттің семиотикалық сипатын, тілдік код пен мәдени кодтың ортақ белгілерін, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қарастыратын зерттеу еңбектеріне шолу жасай келіп, соның негізінде аталған ұғымдардың тарихи сабақтастығын теориялық, практикалық тұрғыдан саралауға тырысқан. Соған сәйкес зерттеуші тарапынан тілдің, мәдениеттің таңбалық сипаты, тілдік код пен мәдени код ұғымдарының ара-жігі, әрі олардың тарихи сабақтастығы нақтыланып, бүгінгі күні бірте-бірте ұмытылып бара жатқан киелі, қасиетті түсініктерді, соның ішінде қазақ мәдениетіндегі рулық таңбалар мен көне түркі жазулары арасындағы байланысты, олардың таңбалық жүйедегі орны мен қызметін кеңінен талдауға талпыныс жасалған. Бұған қосымша «Ұлттық сезім» бастамасы негізінде сауалнама өткізіліп, жинақталған деректер негізінде қазіргі жастардың ұлттық символикаға деген көзқарасы мен оны қолдану ерекшеліктері сарапталып, зерделенген.

Ізденуші таңбалар – тек белгі ғана емес, этностық сәйкестік пен тарихи жадының көрінісі, әрі қазақ руларының таңбалары мен көне түркі руникалық жазулары арасындағы графикалық ұқсастық олардың ортақ визуалды-символдық негізділігін, яғни ортақ символдық негіз бен мағыналық сабақтастыққа, тарихи жалғастық пен семиотикалық қызметке, көркемдік-когнитивтік ерекшелікке ие таңбалар жиынтығы екенін С.Аманжолов, М.Тынышпаев, Ғ.Айдаров т.б. зерттеулері мен пайымдауларына сүйене отырып, дәйектеуге тырысады. Атап айтсақ, *ортақ символдық негіз*: қазақ рулық таңбалары мен Орхон -Енисей жазбаларындағы түркі руналары бірдей геометриялық элементтерге сүйенеді. *Мағыналық сабақтастық*: таңбалар тек таңба емес, ру атауы мен мағынасының, рухани болмысының көрінісі. *Тарихи жалғастық*: ру таңбалары ежелгі түркі мәдениетінің мұрасы ретінде қазіргі қазақ этносына жетіп, рулық сана мен бірегейлік символына айналды. Бұл – түркілік жазу мәдениетінің жойылмай, жаңа формада сақталғандығының нұсқасы, көрінісі. *Семиотикалық функциясы*: таңбалар ескерткіштік сипатта ғана емес, әлеуметтік, саяси өмірде де идентификатор ретінде қызмет етіп, тілдік емес қарым-қатынас құралы, ақпарат жеткізу құралы болған. *Көркемдік-когнитивтік ерекшелік*: ру таңбаларының қарапайымдылығы мен қайталануы – көркемдік символизмге ие, сонымен қатар когнитивтік жеңілдікті қамтамасыз етеді (есте сақтау, тану, айыру).

Соған орай диссертант санамалап өткен деректер қазақ ру таңбалары мен көне түркі жазулары арасындағы тарихи сабақтастықтың айқын дәлелі болып табылатындығын, бұл байланыс — ежелгі түркілік болмыстың үзілмеген жібі, ұлттың визуалды жады мен семиотикалық мәдениетінің айнасы екендігін көрсетіп берген. Аталған ғылыми жұмыс осы жағынан алғанда, яғни тілдік таңбалардың ежелгі ру таңбалары мен

көне түркі таңбаларына ұқсастығын, төркіндестігін графикалық, семантикалық тұрғыдан салыстыра отырып, олардың қазіргі заман жастарының дүниетанымындағы кодтық, символдық сипатқа ие болған (ру атаулары мен олардың таңбалық белгісі, киім үлгілерінде) көрінісін анықтап бергендігімен ерекшеленеді.

Олай болса, зерттеу нәтижесінде тіл мен мәдениеттің таңбалық сипаты мен олардың рухани код ретіндегі ғылыми негіздерін айқындау, оның ұстанымдары мен ұғымдарын талдап көрсету жалпы тіл білімінің, этнолингвистиканың, мәдениеттанудың теориялық мәселелерін зерделеп, қазіргі ғылымдар тоғысындағы көкейтесті ортақ мәселелерді шешуге, тіл ғылымының жаңа бағыттарын әрі қарай дамытуға септігін тигізеді деп есептейміз.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын құрылымдық-композициялық талап деңгейіне сай жазылған. Ол кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың әрбір тарауы тараушалар мен тармақтарға жіктеліп түсіндірілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұтастықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сақтай отырып зерделенген.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері этнолингвистика, мәдениеттану, түркі тіл білімі, қазақ тіл білімі т.б. ғылыми пәндер аясындағы өзекті мәселелерді теориялық тұрғыдан тұжырымдап, дәйектеуге көмектеседі.

Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша отандық және шет елдердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында бірнеше мақалалар жарияланған. Диссертациялық зерттеу идеясы мен қорытындыларын негіздеу мақсатында сауалнамалар жүргізіліп, қазақ және ағылшын тілді (он бір ел) жалпы саны 1120 респонденттің жауаптары жинақталып, жүйеленіп талдау жасалды.

Жалпы алғанда Баядилова -Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның 8D020500–филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан А.Б.Баядилова -Алтыбаеваның ғылыми жұмысын 8D020500–Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының докторы,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің профессоры



Ж.О.Тектігүл